

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған

Адыrbекова Maye Колибаевнаның

«Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)» атты

диссертациялық жұмысына

## ПІКІР

Адыrbекова Мауенің диссертациялық жұмысы ағылшын және қазақ тілді газет дискурсында жиі қолданылатын иландыру коммуникациясының ерекшеліктерін анықтауға арналған. Соңғы уақытта медиадискурс саласында өзекті тақырыптардың біріне айналған коммуникацияның бұл түрі ендігіде тек шетелдік емес, сонымен қатар отандық лингвисттердің де назарынан тыс қалмады. Бұгінгі күні әлеуметтік өмірдің өркендеуімен қатар дамып келе жатқан мерзімді басылым қызметіне жан-жақты сипаттама беру және ондағы тілшілер тарапынан оқырманның ой-пайымына когнитивті-психологиялық әсер ету ерекшелігін анықтайтын бұл диссертациялық жұмыс міндеттерінің бірі авторға және газет дискурсына жаңаша сипаттама беру болды. Екі тілді қоғамның мерзімді басылым акпаратына жүргізілген лингвистикалық талдау олардың әрқайсысына тән коммуникативтік стратегия мен тактикалардың барын және оқырмандық талғам мен мәдениетке сай қолданылатынын дәлелдеуге тырысқан. Зерттеу нәтижесі бұндай коммуникативтік стратегиялар мен тактикалардың жеткіліксіздігін және жаңа коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды ұсыну қажеттігін көрсеткен.

Әлеуметтік дәрежесі мен оқырмандар арасында сұранысы ұқсас келетін ағылшын және қазақ тілді газеттерді тандау және оларға ортақ лингвистикалық талдау жүргізу диссертантқа екі елдің мерзімді басылымы арқылы әлеуметтік ерекшеліктері мен оқырмандық талғамын тануға мүмкіндік берді. Докторант тарапынан газет материалы медиаадресантының медиаадресатқа бағытталған персуазивті мақсаты және оны жүзеге асыруышы тілдік бірліктері жүйелі түрде зерттелген. Тақырып бойынша отандық және шетелдік лингвисттердің еңбектеріне шолу жасау М.К.Адыrbековаға медиадискурс, газет дискурсы және персуазивтілік терминдерінің мәнін ашып, өзіндік анықтамасын беруге себеп болды. Нәтижесінде ағылшын және қазақ тілі тұрғысынан бұрын-соңды салыстырмалы түрде зерттелмеген иландыру коммуникациясы екіжақты сипаттамаға ие болды.

М.К.Адыrbекованың диссертациялық жұмысы зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделген, диссертант өз тақырыбын теориялық-практикалық тұрғыдан жан-жақты қарасытырп, мақсат-міндеттін орындағын, ғылыми жаңалығы бар. Үш тараудан тұратын зерттеу жұмысының нәтижелері әрбір тақырыпқа сай жүйелі түрде тұжырымдалған. Диссертация сонында берілген

қорытынды тақырып өзектілігін нақтыладап қана қоймай, оның ағылшын және қазақ тілді лингвистикасы тұрғысынан маңыздылығын айқындайды.

М.К.Адыrbекованаң диссертациялық жұмысы тек шетел филологиясы емес, сонымен қатар медиадискурс және когнитивті лингвистика саласында да өзіндік құндылығы бар ғылыми зерттеу бола алады. Пәнаралық ерекшелікке ие иландыру коммуникациясының қыр-сырын ашу мақсатында жазылған диссертация ендігіде бұқаралық ақпарат құралдарына жаңаша талдау жүргізіп, автор мен оқырман, оқырман мен ақпарат байланысының аражігін ажыратуда қажетті нұсқаулық болмақ.

Докторант газет материалдарына жүргізген зерттеу, нәтижелерін ғылыми макалаларында көрсеткен. Әрбір коммуникативтік стратегияға және тактикаға сай келтірген мысалдары зерттеуші жұмысының кең ауқымды және терең мәнді енбек екенін білдіреді. М.К.Адыrbекованаң қолданған теориялық-әдістемелік негізі таңдаулы тақырыпқа байланысты әлем лингвисттерінің пікірлерімен расталып, өзіндік үлесімен дәйектелген.

Корыта келгенде, Адыrbекова Maye Колибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және казақ газет дискурсы материалы негізінде)» атты зерттеуі «Ғылыми дәрежелер беру Ережелері» аясындағы диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сай келетіндігін, қазақ және шетел филологиясы тұрғысынан өзекті де маңызды зерттеу екенін атап өткіміз келеді. Диссидент M.K.Адыrbекова «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

**Рецензент:**

**Әл-Фараби атындағы**

**Қазақ ұлттық университетінің  
қауымдастырылған профессоры,  
фил.ғыл. кандидаты**

*Л.Ж.Мұсалы*

**тел.: +7 747 609 52 89**

**e-mail: lailamussaly@gmail.com**

**РАСТАЙЛЫН**  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрлар  
даялпау және аттестаттеу қызметтерінің ба

**ЗАВЕРЯЮ**

Начальник управления подготовки и аттестации  
научных кадров ҚазНУ имени Фараби

Р.Е. Кудайбергенова

«          » 20            ж./т.

